

Астана – Отанымның жүрегі

Астана!

Махаббат пен ғаламаттың қаласы,
Кербезденіп, еркелейтін Есіліме қарашы.
Көз тартады биік-биік ғимараттар алыстан,
Тыныштық пен жарасым да дәл осында табысқан.

Жарастық та осы маңда құрған екен салтанат,
Ғажаптығын естімеген Астанамның қай тарап?
Бәйтерегі асқақтап тұр көк жүзімен санасқан,
Көк туымдай, шайдай ашық арайлап тұр ақ аспан.

Бірлік пенен ынтымақ та, татулық та сән құрған,
Жастары да болашаққа, биік шыңға талпынған.
Бұл – Астана, барша ғалам таңдай қағып тамсанған,
Бұл жұмаққа бір келуді шын жүректен аңсар жан.

Ханшатыр да орын тепкен, келбеті бар жаңаша,
Астананың таусылмайды ғажаптары санаса.
Мақтанамын дәл осындай көркем, ғажап қаламмен,
Бұл ғажапқа қалай ғана жыр жазбай мен қалар ем?!

Отанымның жүрегісің тоқтамайтын мәңгілік,
Есіміңді бүкіл халқың айтып жатыр ән қылып.
Бағалысың Отанымдай болғын мейлі Астана,
Тез дамыдың шапшаңдықпен болсандағы жас қала.

Әлемдегі ең керемет астанасың сен маған,
Мойындайды мұны бәрі, тіпті, байтақ кең дала
Жазбақ едім есіміңді алтындатып аспанға,
Барша ғалам көрсін сенің ғажабыңды Астана.

Мақтанамын қай жерде де сендей қалам барына,
Патшалыққа сен лайықсың астаналар тағына.
Жыр қып айтып есіміңді ғаламға,
Сенің әрбір кереметің сақталады санамда,
Нұр Астана, гүл Астана асқақтай бер, алып боп,
Көгіңдегі бақ жұлдызың тұрсын әр кез жарық боп!

